

**“Астана медициналық университеті” АҚ
Анестезиология және реаниматология кафедрасы**

**Тақырыбы: Жедел жәрдем
станциясында диспетчерлік
жұмыс ұйымдастыру**

Орындаған: Эгомбердиев М.

Топ: 514 ЖМ

Тексерген: Насыров В.В.

Астана, 2016

- **Диспетчер** - жедел медициналық көмек және санитариялық авиация көрсету бойынша азаматтардың өтініштері туралы ақпаратты беру және оны қабылдау, өңдеу функцияларын жүзеге асыратын («емдеу ісі» мамандығы бойынша дипломы және «жедел медициналық көмек» мамандығы бойынша сертификаттары бар орта медициналық білімі бар маман) медициналық ұйымның қызметкері;

Диспетчер

- МЖК станциясының қызметін мониторингілеу және үйлестіру бойынша міндеттерді орындау үшін құрамында РСАО диспетчерлік қызмет құрылады (бұдан әрі - РСАО Call-centre).
 - Облыстық ЖМК станция құрамында өңірлік Call-centre құрылады. Осы бөлімшелер ЖМК бөлімшелерімен, ішкі істер органдарының қызметтерімен және облыстың төтенше жағдайлар және өңірдің санитариялық автокөлігінің спутнигін мониторингілеуге арналған ресурстармен және жедел байланыс құралдарымен қамтамасыз етілген.
-

- Аудандық деңгейде халыққа жедел медициналық көмекті ұйымдастыру бойынша қызметті үйлестіруді аудандық ауруханалардың (емханалардың) бас дәрігері жүзеге асырады.



- Ауданның, соның ішінде ауылдық дәрігерлік амбулаторияның санитариялық автокөлігінің қозғалысын мониторингілеуді аудандық ауруханалардың (емханалардың) жедел медициналық көмек бөлімшелерінің диспетчерлері жүзеге асырады.
 - Аудандық ЖМК бөлімшелері облыстық ЖМК станциясының бас дәрігеріне функция бойынша бағынады.
-

- Ауылдық елді мекендерде ЖМК аудандық бөлімшелерінің диспетчері жедел медициналық көмекті шақырту қызметін көрсету үшін жақын жердегі мамандар және санитариялық




- ЖМК ұйымдарының шақыруды қабылдау және беру жөніндегі диспетчер:
 - жедел медициналық көмекті көрсетуді талап ететін жағдайлар туралы ақпаратты қабылдауды;
 - АБЖ бойынша қабылдау және беру алгоритмдеріне сәйкес ЖМК бригадаларын шақыруға себепті құруды жүзеге асырады;
 - қажет болған жағдайда аға дәрігермен шақырудың шұғылдығына қарай санатына сәйкес бірінші кезекті шақыруларды айқындайды;
 - қажет болған жағдайда диспетчер жүгінгендерге консультация беру үшін ЖМК ұйымдардың/бөлімшелердің кезекші аға дәрігерлерін шақырады (телефон бойынша немесе ұйымға тікелей барған кезде).
 - ЖМК бригадаларымен шақыруларды орындауды жедел бақылауды жүзеге асырады.
-

- Стационар жағдайында шұғыл емдік-диагностикалық іс-шараларды талап ететін пациенттерді жеткізу кезінде ЖМК станциясының кезекші аға дәрігері:
 - пациентті жеткізетін стационарлық көмек көрсететін медициналық ұйымның қабылдау бөлімшесімен байланысты ұйымдастырады;
 - қалалық, облыстық, республикалық деңгейде стационарлық көмекті көрсететін тікелей қабылдайтын медициналық ұйымға жеткізілетін пациенттің жай-күйі туралы ақпаратты жеткізеді.
-

- Жедел медициналық көмек бригадасы ұйымның / жедел медициналық көмек бөлімшесінің диспетчеріне шақырудың орындалуының қорытындысы және оның нәтижесі туралы іле-шала хабарлайды.
 - Мұның барлығы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2013 жылғы 26 маусымдағы № 365 бұйрығы бойынша ұйғарылған
-

Служба скорой медицинской помощи



Единая дежурно-диспетчерская служба



спутник

Запрос на получение координат



GPRS приемник



КАРТА ВЫЗОВА СКОРОЙ МЕДИЦИНСКОЙ ПОМОЩИ для выполнения вызова



- Жедел жәрдем бөлімшесіне жүгіну үшін сізге 103 телефонына хабарласып, диспетчермен байланысу қажет. Диспетчер сіз туралы келесі деректерді тіркеуі тиіс:
 - Пациенттің тегі, аты, әкесінің аты (ол болса), жасы және жынысы.
 - Бақытсыз жағдай немесе ауру жағдайлары және пациент жағдайы бойынша қысқа деректер.
 - Пациенттің орналасу орнына өту бойынша бағдарлы деректер, мекенжайы және телефоны, подъезд есігінің коды.
 - Келіп түскен қоңырау ауру сипаты, саласы бойынша өңделеді және жедел медициналық көмектің көшпелі бригадасына береді.
 - Жедел медициналық көмекті пациентке көрсету үшін мыналар негіз болып табылады:
 - уақытылы медициналық көмексіз өмірге тікелей қауіп төну жағдайдың нашарлауына немесе өлім жағдайына әкелуі мүмкін;
 - жағдай өмір үшін қауіпті емес, алайда қоршағандар үшін тікелей қауіп төндіреді.
-

- Көшпелі бригадалар келесі жағдайларда жіберіледі:
 - жедел медициналық жәрдемді көрсету үшін және пациентті бақытсыз жағдайларда, жарақатта және улануда тасымалдау үшін;
 - пациенттің (босанушы, зардап шегушінің) және оның қоршаған ортаның денсаулығына және өміріне қауіп төндіретін ауруларда, соның ішінде психикалық;
 - жүктілік ағынының асқынуларында және босануда;
 - пациент жағдайын алдын ала бағалап, жедел медициналық жәрдемді талап ететін пациенттің госпитализацияға тасымалдау үшін (жаңа босанған әйел, зардап шегуші), соның ішінде бірінші медициналық-санитарлық көмек ұйымының мамандарын шақыру бойынша (бұдан әрі – БМСК);
 - бір стационардан басқасына пациентті тасымалдау қажеттілігінде.
-

- Жедел медициналық жәрдем бригадасының диспетчерлік қызмет қызмет көрсетуге тапсырманы алған сәттен бастап пациенттің орналасу орнына келу уақыты шақырулар мерзіміне байланысты болады:
- 15 минут - 1-3 санатты жеделдік;
- 25 минут - 4-5 санатты жеделдік;
- 30 – 6-санатты жеделдік.



- Өміріне қауіп төніп тұрған пациентті жедел медициналық ұйымды көрсететін медициналық ұйымға тасымалдауда жедел медициналық көмектің санитарлық автокөлігінде оны туысқанының алып жүруіне рұқсат етіледі (бір адамнан артық емес).
 - Жедел медициналық көмек көрсетуді талап етпейтін жағдайларда жедел медициналық көмек ұйымы ауысымының бас дәрігері пациентке (босанушыға, зардап шегушіге) медициналық көмекті алу үшін медициналық ұйымға координаттарын (мекенжайы, телефонын) ұсынады.
-

Әдебиеттер

- Григорьева Э. Н.: Система организации скорой медицинской помощи в СССР. — М., 1976 год
 - Аронович О. М.: Организация скорой психиатрической помощи городскому населению. — В кн.: Организация психоневрологической помощи городскому населению: Труды Ленинград. НИПНИ им. В. П. Бехтерева
 - Апанасенко В. Г. и др.: Опыт работы Ленинградской станции скорой и неотложной медицинской помощи. — Сов. здравоохран., 1983 №
 - В работе над разделом использованы материалы из книг: Каверин Н. М. и др. Служба скорой помощи на современном этапе // М., 1996; Комаров Б. Д. (ред.) Организация скорой медицинской помощи // М., 1976; Лыков В. М. Фельдшер скорой помощи // М.: Медицина, 1978; Пучков А. С. Организация скорой медицинской помощи в Москве // М., 1999
-